

2012 жылға Қорғалжын ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 24 қаңтардағы № 09 қаулысы. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 14 ақпанда № 1-15-174 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 сәуірдегі № 665 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 10.04.2013 № 665 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2 тармақшасына сәйкес, Қорғалжын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға Қорғалжын ауданындағы халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) ұзақ уақыт жұмыс істемейтін тұлғалар (бір жылдан артық);
- 2) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 3) туберкулездік, онкологиялық аурулар, жүрек-қан тамырларының ауруларымен ауыратын тұлғалар, адамның иммун тапшылығының вирусын жұқтырған тұлғалар, иммун тапшылығы синдромын жұқтырған тұлғалар;
- 4) маусымдық жұмыстардың аяқталуына байланысты еңбек шартының мерзімі өткен тұлғалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қорғалжын ауданының әкімінің орынбасары **С.Қ.Аққожинаға** жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қорғалжын ауданының әкімі

Д.Хамитжанов

